

КӨНЕ ТҮРКІ ТІЛІ МЕН ҚЫТАЙ ТІЛІ АРАСЫНДАҒЫ СӨЗ АУЫСУЛАРҒА ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Адамзат қоғамының арғы тарихы мен тілдердің ұзақ тарихи дамуы кезеңдерінде тілдердің қалай пайда болып, қалай өзгеріп, қалай жіктелгендігі жайындағы қазіргі қорытындылардың көбінің жорамал екендігі белгілі. Әлемдегі алуан түрлі тілдердің арғы төркіні біреу ме әлде көп салалы ма? Міне бұлардың барлығы әлі де өз шешімін күтіп отырған мәселелер. Ал түркологтардың түркі тілдері мен қытай тілінің байланысына қалай қарайтындығын Н.А. Баскаковтың «Түркі тілдері» атты кітабындағы мына байымдаулардан аңғаруға болады: «Бартольт атап өткендей, жаңа эраның I–IV ғғ. Шығыс Азия халықтарының тіл ерекшеліктері қазірге дейін айқындалмаған мәселе, өйткені ғылым-техниканың бұл халықтарға тәуелді реаль мұраларды іздестіру ісі әлі табысқа жетпеді. Бізге Қытай транскрипциясынан белгілі болған ішінара сөздер, жалқы есімдер және *мансап, мәртебе* аттары байырғы түркі халықтарының тіл ерекшеліктерін дұрыс белгілеуге мүмкіндік бермейді. Егер П. Пеллоның айтқандары дұрыс болып, қытайдың тарихи ескерткіштерінде қытайлықтар жағынан жасалған бірнеше түрлі ұқсамаған тілдердің, сол қатарда шянбый тілінің де сөздігі шындығында шыққан болса, онда сол сөздіктер жарыққа шыққаннан кейін түркі тілдерінің ең байырғы мұралары болып қалар еді. П. Пеллоның пікірінше, сол сөздіктерге негізделгенде шянбыйлердің де түркі текті халық екендігі расталатын тәрізді» [1, 59-61].

Қазіргі қытай ұлты өз кезінде неше жүздеген,

мындаған рулардың, тайпалардың және ұлттардың бірігуінен пайда болғандығы, бұлардың арасында түркі тілді халықтардың болғандығы тарихи жазба деректерден белгілі. Олай болса қазіргі қытай тілі де сол әр алуан халықтардың тілдерінің бірігуінен пайда болғандығы даусыз. Чиң Шыхуаң сонау 2200 жылдан бұрын алты бектікті біріктіріп, Қытайды бірлікке келтіргеннен бастап, бүкіл елде бір тілде сөйлеп, бір түрлі жазуды қолдануды жолға қойған. Тіл-жазуды бірлікке келтіру үрдісі қазірге дейін жалғасып келеді. Соған қарамастан түрлі ұлттар мен ұлыстардың тілінің араласуынан пайда болған қытай тілі диалектілері тілдік айырмашылықтарын әлсіреткенімен, бірақ өздерінің ортақ тілден өзгешеліктерін түпкілікті жоғалтқан жоқ.

Біздіңше көне түркі тілді халықтар мен қытай халқы арасындағы тілдік қарым-қатынастарды қарастыруымызға төмендегі бірнеше тілдік фактілер негіз болып отырғандығы белгілі.

Біріншіден, қазіргі қазақ тілінің негізгі сөздік қорында дыбысталуы жағынан да, мағыналық жағынан да қытай ортақ тіліндегі немесе қытай тілінің диалектілеріндегі сөздерге ұқсас немесе жуық сөздер жиі кездеседі.

Екіншіден, қазақты құраған ру-тайпалардың шығыстағы қытай халқымен әр алуан формадағы қарым-қатынас жасап отырғандығы тарихтан белгілі, хан хандығының жылнамаларында осыдан 2200 жыл бұрын үйсін, қаңлы тайпаларының хандығымен тығыз қарым-қатынаста болғандығы баяндалса, Ор-

хон ескерткіштерінде Күлтегіннің «ілгері Шандун жазығына дейін жауладым, теңізге сәл жетпедім, түстікте тоғыз Ерсенге дейін жауладым, Тибетке сәл жетпедім, ... алтынды, күмісті, дақылды, жібекті соншама шексіз беріп жатқан Табғаш халқының сөзі тәтті, бұйымы асыл еді...», – дегенінен біздің ата-бабаларымыздың қытай халқымен ұзақ уақыт қарым-қатынаста болғандығын, өз кезінде орта жазықты (Қытайды) көктей өтіп теңізге таяп қайтқандығын білеміз.

Үшіншіден, қытай тіл-жазуында, әсіресе байырғы тіл-жазуында, бір әріп (бір буын) бір толық мағынаны білдіретіндіктен, дыбысталаудағы өзгерістерге қарамастан, сөздің ең алғашқы мағыналары біршама толық сақталған. Идеограммалық қытай иероглифтерінде мағына сақтау ерекшелігінің болатындығы даусыз. Сондықтан қытайдың бірқатар өңірлерінде иероглифтің формасы мен мағынасы ұқсас, бірақ оқылуы басқа-басқа болу жәйіттері көп кездеседі. Мысалы, қазіргі қытай тіліндегі «түзу, тік мағынасындағы *zhi* сөзі Қытайдың Чаужоу өңірінде «*diu*» болып оқылады,

қазақша – тік.

«Үлкен, зор, дәу» мағынасындағы *da* сөзі қытайдың Сужоу қаласында «дәу» болып оқылады, қазақша – үлкен, зор, дәу.

Қазіргі қытай тіліндегі «көру, қарау» мағынасындағы *kan* сөзі Сужоуда «ко» деп оқылады, қазақша – көр.

Қазіргі қытай тіліндегі «ұйықтау, мызғу» мағынасындағы *shui* сөзі Чаужоуда «үг» деп оқылады, қазақша – ұйықтау, ұйғыр тілінде – ұқлаш деп оқылады.

Төмендегі түркі тілдері мен қытай тілінің диалектілерінде кездесетін мағынасы мен оқылуы бірдей бірқатар сөздерді салыстырып көрелік.

Қытай тілінен көне түркі тіліне ауысқан сөздер туралы сенімді мәлімет VII–VIII ғғ. Орхон құлпытастарынан басталады. «Тоныкөк», «Күлтегін» ескерткіштерінен қытай тілінің кірме сөздері табылған.

Tabgauu – бұл сөз қытай тіліндегі *tao hua shi* деген сөзден келген. Бұл сөздің арғы төркіні шянбыйлердің әулеті *to ba shi*-дан бастау алса ке-

| Қытай тілінің қазіргі ортақ тілінде | қытай тілінің диалектілерінде | Түркі тілдерінде |
|-------------------------------------|-------------------------------|------------------|
| u | bu | бұлт, бу |
| suei | seu | су |
| tie | tie | темір |
| tu | to | топырақ |
| tsən | tʃan | шаң |
| kuz tri | hyoz ts | қораз |
| tiau tri | sie tri | шөже |
| tsaz iz | ts z in | шыбын |
| tiau mi | ʃvk | сөк |
| kaz | kuə | кебек |
| fən | hun | үн |
| pi | bit | біт, бітіру |
| ie | jap | жапырақ |
| ttri | tsir | сыр |
| ie ie | a tia | ата |
| nai nai | a pə | апа |
| ma ma | a na | ана |
| Su fu | i ka, a hia | ака, аға |
| di di | i tie | іні |
| trie tau | ke tʃ | көше |
| fei tsau | sap bun | сабын |
| ts au | tʃ y ou | шөп |
| ma pu | mat tʃ əi | мата |
| ie | jap | жапырақ |
| in | gun | күміс |
| ma | be | бие |
| tSu | tin ko | шошқа |
| tsy ai | t' ap | тапта |
| ti | ʃ ai | жуып - шаю |

рек.

Қытан – бұл сөз ертедегі халық *qi dan*-дардың атауынан келген. Бұл сөздің орта және ежелгі замандағы оқылуы *kie tan*.

Tinici – Қытай тарихындағы патшалардың барлығы өздерін көктің ұлы десе, түркі қағандары да өздерін тәңірден жаралған аспан еркесі деп білген. Бұл сөз қытай тіліндегі *tian zi*.

Tun azi – Жер аты. Бұл жер аты «Күлтегін ескерткішінің» түстік жағы алтыншы жолдың аяғы мен жетінші жолдың басында кездеседі. Бұл жер атын Қабарман Мұқанұлы өз мақаласында *zhong yuan* (орта жазық) деп аударған [2, 43]. Ғалымның пікірінше, *zhong* иероглифінің ерте замандағы оқылуы *tiwn*, орта ғасырдағы оқылуы *tian*, сонда *zhong* сөзінің орта ғасырдағы оқылуы *түн*.

Cilik – есім сөзі. «Күлтегіннің» шығыс жақ жетінші жолында «сілік қыз» тіркесі ұшырайды. Талайдан бері ғалымдар бұл сөзді «сұлу» деп аударып жүр. Бізше бұл сөз қытай тіліндегі жібек мағынасын беретін *si* (жібек) сөзінен шыққан. Бұл сөздің орта ғасырдағы оқылуы *si*, ерте замандағы оқылуы *siag*, бұндағы ерте заман IV ғ. бұрынғы мезгілді меңзейді. Сонда *si* сөзінің ерте замандағы дыбысталуы *silk* сөзіне жақын. Бұл Орхон ескерткішіндегі *silik* сөзі IV ғ. қабылданғанын дәлелдейді. Бір ғажабы ағылшын тілінде де жібекті *silk* дейді. Қазір ғалымдар ағылшын тіліндегі бұл сөздің қытай тілінен алынғанын дәлелдеп отыр. Әрине, бұл екі тілдегі жібек деген мағынаны білдіретін екі сөздің осыншама ұқсап кетуі әсте кездейсоқ болмаса керек. Өйткені жібектің мекені – ежелден бері қытай елі болған деген тұжырымын алға тартады Мәнсұр Әбілұлы [3, 43–44]. Орхон ескерткішінен кейінгі кездердегі ескерткіштерде де қытайша сөздер кезігіп отырады. Тіпті өзге тілдің әсері аз болды деп есептелінген «Оғызнамада» да мынадай екі қытай кірме сөзін кезіктіруге болады. **Бандың** – бұл сөз қытай тіліндегі *ban deng* (орындық) сөзінен келген. **Аң** – бұл қытай тіліндегі *yang* (түр, түс) сөзінен келген.

Бұдан сырт, «Сыдыққа сара» (дәрігерлік жайлы), «Ғазырнама» т.б. Әдеби шығармаларда: **Тығуі** (*ding hui*), **майшы** (*da shi*), **гуаңмиң** (*guan min*), **мунга** (*guo yi*), **жан** (*zhan*), **хума** (*hu ma*), **қай** (*gai*), **үйік** (*zi*) сөздері кездеседі. Бұлар өсімдік атаулары.

Этникалық қазақ халқын құраған ертедегі сақтар, үйсіндер, қаңлылар мен аландар өз заманында

шығыстағы тарихи көршісі қытаймен арадағы әр алуан тарихи байланыстар нәтижесінде, бірқатар қытай сөздерінің түркі тілдеріне енгендігі түрколог ғалымдардың зерттеулерінен бізге белгілі болып отыр. Бұл пікірді қытай тілші ғалымдары Йү Же мен Жаң Чинхонның: «Бұған XI ғ. түркі ғалымы Махмұт Қашқаридың Диван лұғат ат-түркке енген шамамен 240 тай қытай сөзі дәлел «–деген пікірі тіпті де дәлелдейтүседі [4,52]. XIII ғ. әрі қабылданған түркі тіліндегі қытай кірме сөздері ретінде ғалымдар, *інжу* – *zhen zhu*, *сангун* – *jiang jun*, *бітік* немесе *бітікші* – қытайша: *bi* (калам немесе жазушы), *күйін* (құйын) – *juan* т.б. сөздерін көрсетеді. *Бег* (көне ұйғыр жазбасында) – қытайша: *bo* (бек, бектік), *тоң* (бұл да сонда) – қытайша: *dong* (тоң болып қату), *шын* (бұл да сонда) – қытайша: *zhen* (шындық), *иәнчу* (көне руник жазбасында) – қытайша: *zhen zhu* (інжу), *ұлу*, *лоң* (көне ұйғыр жазбасында) – *long*, *тоғ* – қытайша: *tou* (тақырбас).

Ағылшын ғалымы, түрколог Слоусон өз еңбегінде ерте кезде көне түркі тіліне енген қытай кірме сөздерінен *бақсы* – *bo shi*, *би* – қытайша: *bi* (құлыптас), *бір* – қытайша: *bi* калам), *қан* (бірдененің қабы) – *ja* (бұл сөз көне қытай тілінде *kan* деп оқылған), *тұтұқ* – қытайша: *du du* (мәнсәп аты) сияқты тоқсаннан астам сөзді мысалға келтірген [5,243].

XV–XVI ғғ. енген сөздер *чай* – *cha*, *лаңқа* – қытайша: *lian cha* өсімдіктің бір түрі) т.б.

Ертедегі қытай тіліндегі “*bu*” кездеме, мата сөзі дыбыстық өзгерістерге ұшырай отырып тіліміз лексикасынан орын алып, әбден орныққан сөз болса керек. Олай деуге негізіміз, тіліміздегі кездеме, мата сияқты заттық мағынада жұмсалатын “*бұл*” сөзі тіліміздегі Майқы би айтты дейтін тарихи болжал, сәуегей жорамал ретінде шумақтала айтылатын, *заман ақыр болады, жер тақыр болады, қатын би болады, сиыр бұл болады* деген шешендік сөздерде келіп “ақша, құнды, бағалы зат” мағынасында жұмсалған. Қытай тіліндегі “*bu*” сөзінің «Қазіргі заман қытай тілі» сөздігінде мынадай екі түрлі мағынасы көрсетілген: “1. мақта немесе кездемеден тоқылған, киім-кешек және басқа да заттарды жасауға істетілетін материал; 2. ерте кездегі ақшаның бір түрі” [6,86]. Қазіргі тіліміздегі “мата, кездеме” мағынасындағы *бул* – сөзінің ерте ақша орнына жүргендігін ғалымдарда құптайды. “Ертеректе Орта Азия халықтарында ақша ретінде әртүрлі нәрсе қолданылғаны мәлім. Мысалы, моңғолдарда ақша

ретінде жібек мата, қытайларда мал терісі жұмсалса, кейбір түркі халықтарында (болғарларда) нәрсенің құнын белгілеуші алты тиынның терісі болған...” [7,29] деп түсінік береді. «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» “бұл” сөзі қазірге дейін тіліміздегі байырғы сөздер қатарында етістіктің рай жалғауларын қабылдап *бұлдану* “еңбегін бағалаттыру”; *бұлдау* “жоғары бағалау” түрінде түрленіп қолданылуының өзі осы сөздің тым ертеде тілімізге еніп орныққан көне сөз екендігінен толық дерек береді.

ӘДЕБИЕТ

1. *Басқаков Н.А.* Түркі тілдері. Пекин: Ұлттар баспасы, 1986. 59–61-бб.
2. *Мұқанұлы Қ.* Түн язы туралы // Шынжаң қоғамдық ғылымы. Үрімжі. 1999. № 2.

3. *Әбілұлы М.* Қытай тілі мен қазақ тілінің алғашқы кездегі өзара ықпалы // Шынжаң жоғары оқу орындары ғылыми журналы. Үрімжі, 2001. № 2.

4. *Иү Же., Жаң Чиңхоң.* Ұйғыр тілі мен қытай тілінің өзара әсері // Тіл және аударма. 1991. № 4. 52-56-бб.

5. *Clauson G.* An Etymological Dictionary of Pre – thirteenth Century Turkish. Oxford, 1972. 495p.

6. Қазіргі заман қытай тілі. Пекин: Шаң У баспасы, 1997. 1400 б.

7. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Қазақ ССР ғылым академиясы тіл білім институты. Пекин: Ұлттар баспасы, 1987. 327-б.